

Көксәйек ауылдық округіне қарасты Алтынбастау елді мекеніне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Көксәйек ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 шілдедегі № 48 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 шілдеде № 4174 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Көксәйек ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 25 қыркүйектегі № 63 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Көксәйек ауылдық округі әкімінің 25.09.2017 № 63 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы Төлеби аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2017 жылғы 16 маусымдағы № 01-13/214 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Көксәйек ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көксәйек ауылдық округі Алтынбастау елді мекенінің тұрғыны К.Саховтың итінің құтырық ауруымен ауруына байланысты Алтынбастау елді мекеніне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Көксәйек ауылдық
округі әкімі*

Б. Адилбеков